

Краткий агрометеорологический обзор за 2-ю декаду июня 2024 года

На юге и юго-востоке республики на наблюдаемых участках яровых зерновых культур отмечаются фазы развития «появление нижнего стеблевого узла»-«колошение», в отдельных районах Алматинской, Жамбылской и Туркестанской областях «молочная спелость»-«восковая спелость». Состояние яровых зерновых культур в основном хорошее.

На западе на посевах яровых зерновых культур отмечается фаза развития «кущение»-«появление нижнего стеблевого узла», на поздних посевах Айтекебийского района Актюбинской области «3-й лист». Состояние яровых зерновых культур в основном хорошее.

На севере (*Костанайской, Северо-Казахстанской, Акмолинской и Павлодарской областях*) завершили посев яровых зерновых культур. В зависимости от сроков сева посевы находились в фазах «образование узловых корней»-«выход в трубку», на поздних посевах «всходы» - «3-й лист», в Иртышском районе (метеостанция Голубовка) Павлодарской области на посевах ярового ячменя «появление нижнего стеблевого узла». В районе Биржан сал (метестанция Степняк) Акмолинской области в конце этой декады посеяли яровой ячмень. Состояние яровых зерновых культур в основном хорошее и удовлетворительное. В окрестностях метеостанциях Вознесенка Акмолинской области и Тимирязево Северо-Казахстанской области наблюдается корка на почве.

В центре страны (*Карагандинская область*) продолжается посев яровых зерновых культур, на посевах ярового ячменя в Абайском районе (агропост Агрородок), где посев был проведен во второй декаде апреля продолжается фаза развития «колошение». На посевах яровой пшеницы отмечаются фазы развития «кущение»-«выход в трубку», на поздних посевах «всходы»-«3-й лист». Состояние яровых зерновых культур в основном хорошее.

На востоке страны (*Абайской и Восточно-Казахстанской областях*) на посевах яровых зерновых культур отмечаются фазы развития «образование узловых корней» - «выход в трубку», на ранних посевах «появление нижнего стеблевого узла». Состояние растений в основном хорошее и отличное.

На юге и юго-востоке республики (*Жетысуской, Алматинской, Жамбылской и Туркестанской областях*) на наблюдаемых участках озимой пшеницы отмечаются фазы развития «молочная спелость»-«восковая спелость». Состояние озимой пшеницы в основном хорошее и отличное.

На юге страны (*Туркестанская область*) на посевах теплолюбивых культур (соя, хлопчатник) у хлопчатника в основном отмечается нарастание листьев. Состояние растений в основном хорошее и отличное.

В Жетысуской области на посевах сахарной свеклы отмечается фаза «5-й настоящий лист»-«появление боковых побегов». Состояние растений отличное.

На посевах кукурузы на юге и юго-востоке отмечается фаза появления «9-го листа» и «19-го листа». Состояние в основном хорошее.

На посевах риса отмечается фаза развития «кущение» в Алматинской, Жетысуской и Кызылординской областях. Состояние растений в основном хорошее.

На посевах хлопчатника в Туркестанской области в основном отмечается «8-й настоящий лист»-«бутонизация», состояние растений в основном отличное и хорошее.

На посевах подсолнечника в Абайской, Восточно-Казахстанской и Павлодарской областях отмечается фазы развития «2-я пара листьев»-«появление соцветий». Состояние растений хорошее и отличное.

В Северо-Казахстанской области на посевах льна масличного наблюдается фаза развития «рост стебля». Состояние растений в основном хорошее. В Актюбинской, Алматинской, Жетысуской областях на наблюдаемых участках картофеля отмечается фаза развития «появление боковых побегов».

У плодовых (яблоня, малина, груша, вишня) культур на юге и юго-востока отмечается фазы «формирование плодов»-«окончание роста побегов в длину», у малины «цветение».

На большей части территории отгонного животноводства пастбища *слабо стравлены, не стравлены* пастбища Енбекшиказахском районе Алматинской области, в Мойынқумском, Таласском и Шуском районах Жамбылской области, в Шетском районе Карагандинской области и некоторые пастбища в Мангистауской области, *сильно стравлены* пастбища в Жамбылском районе Алматинской области, Акжайкском районе Западно-Казахстанской области, на остальных пастбищах наблюдается *умеренная* стравленность.

Состояние дернины на пастбищах в основном *сухое*, на некоторых пастбищах в Актюбинской области дернина *сырая*.

Агрометеорологические условия для роста и развития большинства пастбищных трав были благоприятными, общая визуальная оценка травостоя на пастбищах в основном *хорошее*, на некоторых пастбищах *удовлетворительное, отличное* состояние в Жамбылском и Енбекшиказахском районах Алматинской области, в Шетском районе Карагандинской области, Акжарском и Уалихановском районах Северо-Казахстанской области.

В основных зерносеющих областях страны осадки выпали в большинстве районов, которые поддерживали хорошее увлажнение почвы, в связи с чем условия влагонакопления почвы сложились *удовлетворительные и оптимальные*, однако, в отдельных районах отмечалось пониженное содержание влаги в пахотном слое почвы, т.к. дожди по территории региона выпадали неравномерно.

2024 жылдың маусым айының 2-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Республиканың оңтүстігінің және оңтүстік-шығысының жаздық дәнді дақылдар бақыланатын учаскелерінде «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы»-«масақтану», Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының жеке

аудандарында «дәннің сүттенуі»-«дәннің уыздануы» даму фазалары байқалады. Жаздық дәнді дақылдардың жағдайы көбінесе жақсы.

Батыста жаздық дәнді дақылдардың егістіктерінде «түптену»-«төменгі сабақ түйінінің пайда болуы», Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданының кеш себілген егістіктерінде «3-ші жапырақ» даму фазалары байқалған. Жаздық дәнді дақылдардың жағдайы көбінесе жақсы.

Солтүстікте (*Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Павлодар облыстары*) жаздық дәнді дақылдар себу науқаны аяқтады. Егін мерзіміне байланысты егістіктер «түйін тамырының пайда болуы»-«түтікке шығу», кеш себілген егістіктерде «көктеу» - «3-ші жапырақ», Павлодар облысының Ертіс ауданында (Голубовка метеостанциясы) жаздық арпа егістіктері «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» фазаларында болған. Ақмола облысының Біржан сал ауданында (Степняк метеостанциясы) осы онкүндіктің соңында жаздық арпа себілді. Жаздық дәнді дақылдардың жағдайы көбінесе жақсы және қанағаттанарлық. Ақмола облысының Вознесенка және Солтүстік Қазақстан облысының Тимирязев метеостанцияларының маңайында топырақ қабыршығы байқалған.

Елдің орталығында (*Қарағанды облысы*) жаздық дәнді дақылдарды себу жұмыстары жалғасуда, Абай ауданында (агропост Агрородок) сәуір айының екінші онкүндігінде себілген жаздық арпа егістіктерінде «масақтану» фазасы жалғасуда. Жаздық бидай дақылдарында «түптену»-«түтікке шығу», кеш себілген егістіктерде «көктеу»-«3-ші жапырақ» даму фазалары байқалады. Жаздық дәнді дақылдардың жағдайы көбінесе жақсы.

Елдің шығысында (*Абай және Шығыс Қазақстан облыстары*) жаздық дәнді дақылдар егістіктерінде «түйін тамырының пайда болуы»-«түтікке шығу», ерте себілген егістіктерде «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» даму фазалары орын алған. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы және өте жақсы.

Республиканың оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында (*Жетісу, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстары*) күздік бидай бақылау учаскелерінде «дәннің сүттенуі»-«дәннің уыздануы» фазалары байқалған. Күздік бидайдың жағдайы көбінесе жақсы және өте жақсы.

Елдің оңтүстігінде (*Түркістан облысы*) жылу сүйгіш дақылдар (соя, мақта) егістіктерінде мақтада көбінесе жапырақтардың өсуі байқалады. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы және өте жақсы.

Жетісу облысында қант қызылшасы егістіктерінде «5-ші нағыз жапырақ»-«бүйір өскіндерінің пайда болуы» фазалары байқалған. Өсімдіктердің жағдайы өте жақсы.

Оңтүстікте және оңтүстік-шығыста жүгері егістіктерінде «9-шы жапырақ» және «19-шы жапырақ» пайда болу фазалары байқалады. Жағдайы көбінесе жақсы.

Күріш дақылдарында Алматы, Жетісу және Қызылорда облыстарында «түптену» даму фазасы болған. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы.

Түркістан облысында мақта дақылдарында көбінесе «8-ші нағыз жапырақ»-«түйнектеу» фазасы байқалған, өсімдіктердің жағдайы көбінесе өте жақсы және жақсы.

Абай, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында күнбағыс дақылдарында «2-ші жапырақ жұбы»-«гүлшоғырларының пайда болуы» даму фазалары байқалады. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы.

Солтүстік Қазақстан облысында майлы зығыр дақылдарында «сабақтың өсуі» даму фазасы байқалады. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы. Ақтөбе, Алматы, Жетісу облыстарында картоп бақыланатын учаскелерде «бүйір өскіндерінің пайда болуы» даму фазасы байқалады.

Оңтүстікте және оңтүстік-шығыста жеміс-жидек (алма, таңқурай, алмұрт, шие) дақылдарында «жемістердің қалыптасуы» - «сабақ өскінінің ұзындығына аяқталуы», таңқурайда «гүлдену» фазалары байқалады.

Мал шаруашылығы аумағының басым бөлігінде жайылымдар *әлсіз* тапталған, Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында, Жамбыл облысының Мойынқұм, Талас және Шу аудандарында, Қарағанды облысының Шет ауданында және Маңғыстау облысында кейбір жайылымдар *тапталмаған*, жайылымдар *қатты тапталған* Алматы облысының Жамбыл ауданында, Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында, қалған жайылымдардың *бірқалыпты тапталуы* байқалған.

Жайылымдардағы шымның жағдайы көбінесе *құрғақ*, Ақтөбе облысындағы кейбір жайылымдарда *дымқыл*.

Көптеген жайылымдық шөптердің өсуі мен дамуы үшін агрометеорологиялық жағдайлар қолайлы болған, жайылымдардағы шөптердің жалпы визуалды жағдайы *жақсы*, кейбір жайылымдарда *қанағаттанарлық*, Алматы облысының Жамбыл және Еңбекшіқазақ аудандарында, Қарағанды облысының Шет ауданында, Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар және Уәлиханов аудандарында *өте жақсы*.

Елдің негізгі астық егетін аймақтарының көптеген аудандарында жауған жауын-шашын топырақта жақсы ылғалдылықты сақтап, топырақтың ылғалдылығы *қанағаттанарлық* және *оңтайлы* болған, алайда жеке аудандарда топырақтың егістік қабатында ылғалдың төмендеуі байқалған, өйткені аймақ бойынша жаңбыр біркелкі түспеген.